

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Кәсіби аурулар кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Кәсіби аурулар клиникасына кіріспе.

Орындаған: Рахманалиев С.Р

Тексерген: Есмугамбетова.А.А

Қарағанды 2016ж

ЖОСПАР

Кіріспе

- Кәсіби аурулар
 - Кәсіптік аурулардың қысқаша тарихи даму кезеңі
 - Кәсіби аурулар мен уланулардың алдын алу
 - Еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында жұмысшының құқықтары
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

КӘСІБИ АУРУЛАР

Кәсіби аурулар – белгілі бір мамандыққа байланысты кәсіпорынның зиянды әсерінен болатын кесел. Кәсіби аурулар кәсіпорындардағы санитарлық-гигиеналық ережелердің дұрыс орындалмауынан, шу, діріл, тағы басқа әсерінен пайда болады. Мысалы, шаң-тозаңы көп жерде жұмыс істеген адамның өкпесі пневмокониозға (өкпені шаң басу), ал радиоактивті препараттармен жұмыс істейтіндер сәуле ауруына шалдығады. Қатты дірілдейтін аспаптармен ұзақ уақыт жұмыс істеу тамыр неврозына (ангионеврозға) ұшыратады. Мал шарушылығындағы адамдар ауру мал арқылы түйнеме, маңқа, сарып, туляремия ауруын жұқтырып алуы мүмкін. Кәсіптік зиянды әсерлер тек Кәсіби ауруларды ғана емес, басқа аурулардың да пайда болуына әкеліп соқтырады. Жұмыс түріне қарай жұмыс күні мерзімін қысқарту, жыл сайын қосымша демалыс беру, жұмыс кезінде үзіліс жасау (15 – 20 мин), техникалық шараларды іске асыру – Кәсіби аурулардың санын азайтып, келешекте мүлдем жоюға мүмкіндік береді.

Кәсіби ауруларды азайту үшін радиоактивті препараттармен, рентген кабинеттерінде, ыстық пештерде, тағы басқа жұмыс жасайтын адамдарды жұмысқа аларда және әрбір 6 – 12 ай сайын денсаулығын медициналық тексеруден өткізіп тұру қажет. Кәсіби ауруларға шалдыққандар әлеум. қамсыздандыру тарапынан жеңілдіктермен қамтамасыз етіледі. Кәсіби аурулар салдарынан уақытша еңбекке жарамсыз адамдарға берілетін жәрдем олардың үздіксіз еңбек стажына қарамастан табысының 100% мөлшерінде төленеді. Кәсіби аурулардан мүгедек болған адамдарға мүгедектік зейнетақы еңбек стажына байланыссыз белгіленеді.

КӘСІПТІК АУРУЛАРДЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХИ ДАМУ КЕЗЕҢІ

Кәсіптік ауру жайында ерте заманда белгілі болған. Мысалы алтыншы төртінші ғасырға дейін өмір сүрген Аристотель мен Плутархтардың еңбектерінде күміс кеніндегі істеген жұмысшылардың ауыр сырқатымен ауырғандарын келтіреді, металлургтер мен тері өңдеушілердің ауыр жұмыстан ерте өлетіні айтылған. Гиппократ та тау кен жұмысшылардың арасында өлім санының жоғары екеніне көңіл бөлген. Он алтыншы ғасырдан бастап, кәсіпт аурулар жайында күрделі еңбектер пайда болды. 1556ж неміс дәрігері және металлургі Г.Агриколдың “Тау кен және металлургия ісі” және т.б. еңбектері шыққан. Ал елімізде кәсіптік аурулардың профилактикасы және еңбек гигиенасының 1919жылдан бері терең айналыса бастады.

Мемлекеттік өндірістік санитарлық инспекциясы құрылған.
1924ж Н.А. Семашконың қолдауымен Мәскеу Мемлекеттік
Университетінде денсаулық сақтауды ұйымдастыру
кафедрасында әлеуметтік және кәсіптік аурулар клиникасы
ашылды. Отандық кәсіптік патологияның клиникалық пән
ретінде дамуына Э.А. Дрогичина, Н.Н. Шаталов; ал біздің
елде М.И. Дәулетбақова, Р.А. Абдрашитова т.б. үлкен маман
ғалымдар көп үлестерін қосқан. Біздің университетте
1986жылдан бастап санитарлық гигиеналық факультет
студенттеріне кәсіптік аурулар пәні жүргізіле басталды.

КӘСІБИ АУРУЛАР МЕН УЛАНУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қазіргі өркениетті елдерде, ірі мемлекеттерде заманауи басты мәселелердің бірі – адам факторы. Өйткені адам — мемлекеттің баға жетпес байлығы. Сондықтан да адам денсаулығын сақтау қоғамның тұтастай макрожүйесінің басты, негізгі және жүйекұраушы факторы болып табылады. Қоршаған орта мен өндіріске тәуелді болып отырған адам денсаулығының жағдайы туралы ақпараттың үнемі және жүйелі беріліп тұруы, қоғамдық макрожүйенің жұмыс тиімділігін арттыру мен еліміздің аймақтық әлеуметтік-экономикалық жоспарының басты қағидаларының бірі болуға тиіс.

Қазіргі заманғы қызмет істеуші адамның денсаулық жағдайын және кәсіби қызметіне ықпалын жан-жақты талдау санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің бүгінгі таңдағы басты бағыттарының бірі болып табылады. Еңбек ету шарттарының өз деңгейінде орындал-мауынан қолайсыздықтың тууы, қол күшімен атқарылатын ауыр жұмыстар ауқымының ұлғаюы, еңбек және демалыс тәртібінің бұзылуы, аурудың алдын алу бойынша профилактикалық медициналық тексерулердің сапасы мен қамту көлемінің төмендігі, медициналық-санитариялық бөлімдер мен бекеттердің, профилакториялардың жаппай жабылуы, жойылуы, бұрынғыдай жұмысшылардың шипажайларда, сауық-тыру орындарында, жылына бір рет демалып, күш-қуат жинап, денсаулығын қалпына келтіруге жағдай жасалынбауы кәсіби аурулардың бел алуына және түрлі аурулардың асқынуына, өзге де аурулардың пайда болуына мүмкіндік жасап, аурушаңдыққа алып келеді.

Мәселен, Қазақстанда кәсіби аурулардың мынадай нозологиялық түрлері жиі кездесіп отыр: тыныс алу органдарының (39,2%), діріл ауруы (12,7%), қимыл-қозғалыс жүйесінің бұзылуы (22,9%), есту органдарының зардаптануы (7,6%), инфекциялық жұқпа аурулар (13,6%). Кәсіби созылмалы аурулар ішінде шаң-тозаңнан болатын тыныс алу мүшелерінің зақымдануына байланысты түрлі аурулар (11-13%), /пневмокониоздар (13-14%)/, демікпе ауруы (51%-ға дейін). Кәсіби уланулар, көбіне жұмыс орнында улану (5-6%) фактілері негізінен қорғасынның әсерінен және оның қосындылары: сынап, көмірқышқыл тотығы, хлор және фосфордан уланулар бойынша көбірек тіркеледі. Жалпы кәсіби аурулардың ішінде әсіресе жұмыс істеу қабілетін уақытша жоғалту жоғары деңгейде қалып отыр. Ал бұл біздің қоғам үшін ойланатын, шешімін табуға тиіс жағдай. Кәсіби аурушаңдықтың салдарынан еңбекке қабілеттіліктің және өмір жасының ұзақтығы-ның төмендеуі байқалады. Жұмысшылар арасында кәсіби аурумен ауыратындардың көп үлесін әйелдер құрап отыр. Денсаулыққа зиянды жағдайда еңбек ететін әйелдердің саны көбеюде.

Соңғы жылдарда акционерлік қоғамдардың, қауымдастықтардың, концерндердің, өнеркәсіптерді басқарудың құрылымдық жүйелерінің өзгеруіне байланысты кәсіби ауруларды есепке алу мен есептеу мәселелері қиындай түсіп отыр. Экономикалық тұрғыдан мүдделіктің болмауынан және жұмыс берушінің жұмысшылардың денсаулығы мен жұмысшы еңбегін қорғау шарттарын орындауға құлықсыздық танытуынан, жауапкершілік сезінбеуінен, аз уақыт ішінде тез пайда табуға мүдделігінен кәсіби, өндіріске байланысты аурулардың көбеюіне, тәуекел етуге көбірек жол беруінің салдарынан келеңсіздік жағдайларға душар болу фактілерінің көбеюі жол берілуде. Сондай-ақ, кәсіби қызметіне орай жұмысқа алу кезінде медициналық ұйғарымы түгілі, есепке алуды да өз міндеті санамау да бар. Себебі, жұмысшы ауырып қалып, жұмыстан босату кезінде келісім шартта көрсетілген әлеуметтік мәселелерге қатысты міндеттерді орындамау, қолданыстағы бекітілген заңдардағы кейбір заңнамалықтарды орындауға құлқының болмауы мүдделіліктің жоқтығынан көрінеді.

- Халықаралық Еңбек Ұйымының еңбек және денсаулық қауіпсіздігі жөніндегі №155/1981 және Еңбек медициналық қызмет жөніндегі №161/1985 Конвенциясына сәйкес зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында еңбек ететін жұмысшыларға медициналық-санитарлық көмек көрсету бойынша медициналық қызметтің еңбек ұйымы болуы шарт. Профпатология жоғарыда айтылған мәселелердің түп негізі болып табылады.
- ҚР Конституциясына сәйкес әркім өзі еңбек ететін жерінде қауіпсіздік және еңбек гигиенасы шарттарын талап етуге құқылы. Жұмысшылардың еңбек шарт-тарының орындалуы олардың кәсіби аурулары мен сол аурулар нәтижесінде мүгедек болу көрсеткіштерінде анық көрінеді.

ӨНДІРІСТЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН МЕДИЦИНАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР:

- 1. Еңбек ету шарттарына санитарлық-гигиеналық бақылау жүргізу.
- 2. Ірі өнеркәсіп орындарында жұмысшылардың ден-саулығына бақылау үшін мониторинг жүргізетін, бол-жам жасайтын, жұмысшыларға диспансерлік бақылау жүргізетін, кәсіби ауруларды дер кезінде анықтау, ауруға дифференциалды диагностика жасау және оны тиімді емдеу мақсатында профпатологиялық кабинеттерді ашу.
- 3. Денсаулық сақтау саласында, жұмыс істеу жағ-дайларына зиянды кәсіби факторлар әсер ететін медициналық және психологиялық тұрғыдан еңбекке бейімделу мәселелерін көтеретін әдістемелік оқу бағ-дарламаларды әзірлеу.

ЖҰМЫСШЫЛАР АРАСЫНДА КӘСІБИ АУРУДЫҢ ҚАНДАЙ ТҮРІ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ?

- Еңбек етіп, нәпақасын айырып жүрген жерінен айықпас дертке шалдығатын адамдар көп. Күнкөріс үшін, отбасын асырау үшін жұмыстың зиянды-зиянсыздығына қарамаймыз. Елімізде кәсіби ауруға ұшырағандар қанша? Кәсіби аурудың қандай түрлері бізде кең тараған? Статистикалық мәліметтерге қарағанда, елімізде кәсіби аурулардың ішінде кәсіби демікпе, екі жақты нейросенсорлы құлақ мүкістігі және омыртқааралық шығырлардың зақымдануы сияқты ауру түрлері көп тіркеліп отыр. 2010 жылы өндіріс орнынан 189 адам – демікпеге, 145 адам омыртқа ауруына шалдыққан, 108 адамның құлағы естімей қалғаны анықталған. Өндірістен ауру тапқандардың дені – 40 пен 60 жас аралығындағы кәсіби біліктілігі бар, алғашқы кезекте қызмет ететін жұмысшылар. Өткен жылы осындай кәсіби аурулардың салдарынан 661 адам қайтыс болған.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ЖҰМЫСШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында жұмысшының құқықтары мынадай:
 - еңбек қауіпсіздігі мен қорғау талаптарымен жұмыс орнының, жабдықтың сәйкестігі;
 - санитарлық-тұрмыстық кеңістікпен, жеке және ұжымдық қорғанғыс құралдарымен, еңбек қауіпсіздігі мен қорғау, сонымен қатар еңбек, ұжымдық келісім-шарт талаптарына сәйкес арнайы киіммен қамтамасыз ету;
 - жұмыс орнына еңбекті қорғау мен жағдайларына тексеру жүргізу туралы еңбек жөніндегі мемлекеттік өкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелеріне хабарласу;

- еңбек жағдайын, қауіпсіздігі мен қорғауға байланысты мәселелерді тексеру мен қарауда өз өкілдері арқылы немесе жеке қатысу;
- басшы немесе жұмыс берушіге тікелей жазбаша өтініш жазу арқылы денсаулығына немесе өміріне қауіп төнген жағдайда жұмыс істеуден бас тарту;
- Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасындағы тәртіппен еңбек тегі міндеттерін қауіпсіз атқару үшін қажетті оқыту және кәсіби дайындау;
- жұмыс берушіден жұмыс орнының сипаты мен ұйым территориясы, еңбек жағдайы, қауіпсіздігі мен қорғалу жағдайы туралы, өмір мен денсаулыққа келетін қауіп туралы, сонымен қатар қауіпті (аса қауіпті) де зиянды өндірістік факторлардан қорғалуы бойынша қолданылатын шаралар туралы нақты ақпарат алу;

- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау талаптарына сәйкессіздігіне байланысты жұмыстың уақытша тоқтауы кезінде орташа айлық жалақысының сақталуы;
- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласындағы жұмыс берушінің заңға қайшы әрекеттеріне шағымдану.
- **Жұмысшының міндеті:**
 - өндірісте болған әрбір қайғылы оқиға туралы, кәсіби ауру (улану) белгілері, сонымен қатар адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туралы тікелей басшыға хабарлауы тиіс;
 - мерзімді медициналық тексерулер мен ауысымды медициналық куәландырудан, сонымен қатар өндірістік қажеттілік аясында немесе кәсіби ауруға шалдыққан сәтте басқа жұмысқа ауысу үшін медициналық куәландірудан өту;

**АУРУЛАР ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
КӘСІБИ АУРУМЕН АУЫРАТЫН
АУРУЛАРҒА МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӘСІБИ
ПАТОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН
ҮЙЛЕСТІРУШІ ЖӘНЕ
РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ ЖҰМЫСШЫ
ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН
САҚТАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН
ШЕШУШІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ЖАЛҒЫЗ ЖӘНЕ ЖЕТЕКШІ ҒЫЛЫМИ
ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП
ТАБЫЛАДЫ:**

Оған кіреді:

- ✓ Өнеркәсіптік аймақтарда жұмыс істеуші жұмысшылардың денсаулығын қалыптастырудың және басқарудың негіздерін зерттеу; агрокешеннің және өнеркәсіптің әр саласындағы жұмысшылардың өндірістік қызметін гигиеналық бағалау;
- ✓ Кәсіби ауруды емдеу, диагностика стандарттары, кәсіби ауруды қазіргі кезгі және нәтижелі емдеуді, ерте диагностика мен профилактиканы әзірлеу;
- ✓ Экоөндірістік факторлардың кешенді әсер етуін және экологиямен және өндіріспен байланысты аурулар мен олардың қалыптасу механизмін зерттеу;
- ✓ Еңбек гигиенасы және медицинасы саласында резидентура арқылы жоғарғы білікті ғылыми кадрлерді дайындау; кәсіби патолог және гигиенист дәрігерлерді дайындау және қайта даярлау;

✓ Қазақстан Республикасы тұрғындарының санитариялық-гигиеналық амандығы, кәсіби аурулар мен токсикология, еңбек гигиенасы саласындағы ғылыми-техникалық құжаттар мен нормативтік – құқықтық актілерді дайындауға қатысу.

Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығы республикамыздың жұмыс істеуші халқының денсаулығын сақтаудың маңызды мәселелерін шешуші, еңбек медицинасы саласында ғылыми-зерттеу қызметімен айналысушы, Қазақстанның кәсіби патологиялық қызметін үйлестіруші және кәсіби аурумен ауыратын науқастарға жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуші Қазақстанның жетекші ғылыми орталықтарының бірі болып табылады.

- **МІНДЕТІ.** Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығының міндеті адами еңбек әлеуетін сақтау және көбейту болып табылады.
- **АЛДЫНА АЛА БІЛУ–** бұл еңбек ресурстарын сақтау мен дамытудың мәселелерін шешуге бағытталған еңбек гигиенасы және медицинасы, адам экологиясынан тұратын, стратегиялық әлеует, ұлттық қауіпсіздік факторы, қоғамның тұрақтылығы мен амандығы, жұмысшы халықтың денсаулығының басты кілті екендігін көрсететін профилактикалық медицинаның оңтайлы жүйесі. Еңбек медицинасы және медициналық экологияның ғылыми-әдістемелік және теориялық негіздерін қалыптастыру.
- **Қызметтің негізгі стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері және негізгі мақсаттық индикаторлар анықталды, Орталықтың стратегиялық бағыттары болып мыналар табылады:**

- 1. Қазақстан Республикасының өндірістік өңірлеріндегі халық денсаулығын жақсарту.
- 2. Еңбек медицинасы, гигиена және медициналық экология саласында ғылыми-зерттеу қызметін жаңарту.
- 3. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіндегі кәсіби патологиялық қызметті басқару нәтижелігін жақсарту.
- 4. Кәсіби патология, (еңбек медицинасы), гигиена және медициналық экология саласында кадрлық ресурстар жүйесін дамыту.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Орталық адами капитал теориясын іске асыруға талпынады, кәсіпорын кадрларымен жұмыстың жаңа формаларын теориялық негіздеуге қатысады. Адами капитал теориясы техникалық ілгерілеу, салалық қайта құрылым, бәсекелестікті күшейту секілді макроэкономикалық ағымдарды өзгертудің жауабы болып табылады. Бұл өзгерістер, өз кезегінде, өндірістік, техникалық және әлеуметтік-экономикалық саладағы кәсіпорынның шаруашылық қызметіне біршама әсерін тигізеді және халық денсаулығын басқару теориясы мен практикасындағы түбегейлі өзгерту қажеттілігін анықтайды. Қауіпті басқару республикамыздағы өнеркәсіптік әртүрлі салалардың даму жетістігін анықтайтын фактор болуда. Жұмыс түріне қарай жұмыс күні мерзімін қысқарту, жыл сайын қосымша демалыс беру, жұмыс кезінде үзіліс жасау (15 – 20 мин), техникалық шараларды іске асыру – Кәсіби аурулардың санын азайтып, келешекте мүлдем жоюға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- А.А. Әмірбекова “Кәсіптік аурулар” 2005ж.
- Артаманова В.Г. «Профессиональные заболевания 1996г
- Большая медицинская энциклопедия 1982г
- Интернет материалдары.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХИМЕТ!!!**